

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

04 маусым 2015 ж.

### **Қазақстан қор биржасы сауда-саттыққа қатысушыларымен T+2 сызбасы бойынша есеп айырысулар тәртібін тестілеуді бастады**

Қазақстан қор биржасы 2015 жылдың 27 мамырынан бастап KASE қор нарығының мүшелері KASE сауда-саттық жүйесімен есеп айырысудың жаңа T+2 сызбасы бойынша оқудан өтіп, T+2 есеп айырысу тәртібін тестілеуді бастағаны туралы хабарлайды.

T+2 сызбасын реттейтін, KASE ережелері 2015 жылдың 1 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді. Осы күннен бастап KASE және Орталық бағалы қағаздар депозитарийі (ОБҚД), клирингтік ұйым ретінде, Қазақстан қор биржасы мен, есеп айырысу органы ретінде, депозитарий арасындағы сұрақтарды реттейтін Келісімге қол қойды. Бұл Келісім 2015 жылдың 29 маусымынан бастап өз күшіне енеді.

Алдымен KASE жалпыға ортақ T+2 есеп айырысу тәртібін ең өтімді бағалы қағаздар – KASE индексінің акцияларына қатысты қолданады. Кейінірек T+2 сызбасы, KASE айналысындағы, басқа да қаржы құралдарына қатысты қолдана бастайды. Тестілеу кезеңі аяқталғаннан кейін және, 2015 жылдың маусым айынан басталатын, ауысу кезеңі барысында, T+2 есеп айырысу тәртіптемесіне ауысу жайлы ету мақсатында, KASE индексінің бағалы қағаздарының сауда-саттығына қатысушыларға KASE T+0 және T+2 тәртіптемелерінде сауда-саттықты қатар жүргізуге мүмкіндік береді. Ауысу кезеңі аяқталғаннан соң, KASE индексінің бағалы қағаздарына қатысты T+0 есептесу тәртіптемесінің қолданылуы тоқтатылып, есеп айырысулар тек T+2 тәртіптемесінде жүзеге асырылады.

Есеп айырысу кезеңінің өзгеруі, сауда-саттыққа қатысушылары мен инвесторлардың мұқтаждығын қанағаттандыратын, сауда-саттық пен есеп айырысулар үшін жағымды жағдайларды жасау мақсатында KASE стратегиялық көзқарасы шегінде, Қазақстан қор нарығының 2030 даму концепциясымен, Қазақстан Республикасы үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Астананың Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) дамуы бойынша бірлескен жоспарымен келісіліп, ең үздік халықаралық стандарттар мен тәжірибеге сәйкес келеді.

Есеп айырысулардың жаңа тәртіптемесі, елдер классификациясының әлемдік индекстері бөлігінде, Қазақстанның нарықтық жайғасымына жағымды әсер етіп, инвестициялық шешімдер қабылдауда осындай классификацияларға жүгінетін, халықаралық инвесторлар арасында Қазақстан қор биржасында саудаланатын акциялар туралы ақпараттандырылуын арттырады.

### Анықтамалық ақпарат

Қазақстан қор биржасы (KASE) ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылатын, оның ресми тізімінде 130-дан астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, 50-ден астам брокерлер онымен сауда-саттық жүргізеді. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына арналған әмбебап сауда алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалақ федерациясының, Еуро-азиялық қор биржаларының федерациясының және ішкі және халықаралық кәсіби ассоциацияларының мүшесі. Орталық Азия аумағындағы жетекші қаржы нарығы ретінде, Қазақстан өз алдына Астананың халықаралық қаржы орталығын дамытуды мақсат қойды, оның қызметі 2016 жылдың 01 қаңтарында басталып, көптеген салада, соның ішінде исламдық қаржыландыруға бағытталады. KASE Қазақстандағы мақсаты –

халықаралық нарыққа қатысушылардың және ТМД барлық аймақтарынан әлеуетті эмитенттердің назарын алуға қабілетті, мықты және белсенді капиталдың дамуы.

2015 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық көлемі 205 млрд. АҚШ долларын құрады, соның ішінде акциялар нарығында – 104 млн АҚШ доллары. KASE акциялар нарығының капиталға айналуы шамамен 23 млрд АҚШ долларын, корпоративтік облигациялардың нарығында – 36.7 млрд. АҚШ долларын құрады. KASE туралы қосымша ақпараттармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде [www.kase.kz](http://www.kase.kz) сайтында танысуға болады.